

2014 жылы Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 ақпандағы XXVI сессиясының № 26/217 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 7 наурызда № 2551 болып тіркелді. Шешім қабылданған мерзімінің өтуіне байланысты өзінің қолданылуын тоқтатады (Қарқаралы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 наурыздағы № 51 хаты)

Ескерту. Шешім қабылданған мерзімінің өтуіне байланысты өзінің қолданылуын тоқтатады (Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 03.03.2016 № 51 хаты).

Ескерту. Тақырыбына өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихатының 18.09.2014 N 32/275 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі " Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихатының 18.09.2014 N 32/275 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. 2014 жылы Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына, өтініш берген сәтіне жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы ұсынылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Қарқаралы

ауданының мәслихатының 18.09.2014 N 32/275 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2014 жылы Қарқаралы ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына өтініш берген сәтіне тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін, маманмен мәлімделген сомада, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын, бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ұсынылсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының мәслихатының 18.09.2014 N 32/275 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. "Қарқаралы ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы шешімді іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

26 сессия төрағасы:	А. Елюбаев
Аудандық мәслихат хатшысы:	С. Нүркенов
Келісілді	
"Қарқаралы ауданының экономика және қаржы бөлімі"	
мемлекеттік мекемесінің басшысы	
Б. Берниязов	

27 ақпан 2014 жыл